

**2021 жылдың II тоқсанындағы  
кәсіпорындар мониторингінің нәтижесі туралы  
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Жандос Шаймардановтың түсіндірмесі**

Кәсіпорындарды мониторингтеу нәтижесінен нақты секторда экономикалық белсенділіктің біртіндеп қалпына келе бастағанын байқауға болады. Бұл үрдіс өндіріс қуатының жүктемесі мен өндіріс көлемінің ұлғаюынан, активтер мен айналымдағы қаражаттардың тез қозғалысынан, сондай-ақ айырбас бағамының теріс әсерінің төмендеуі есебінен болды.

2021 жылдың II тоқсанында кәсіпорындарда өндіріс қуатының жүктемесі (ӨҚЖ) ұлғайды, ӨҚЖ-нің орташа деңгейі **53,5%**-ға дейін (I тоқсанда – 52,1%) болды. Нәтижесінде өндіріс көлемі артты. Диффузиялық индекс (бұдан әрі – ДИ) өсу аймағынан өтіп, 40,5-тен **53,8**-ге дейін өсті.

Сонымен қатар нақты секторда дайын өнімге деген сұраныс көрсеткіші 51,1-ден **50,2**-ге дейін аздап төмендеді. Индекс тауар өндіру секторында (52,1-ден **51,3**-ке дейін), қызмет көрсету секторында (50,1-ден **49,1**-ге дейін), тау-кен өндіру өнеркәсібінде (52,6-дан **51,8**-ге дейін) және өңдеу өнеркәсібінде (52,5-тен **51,1**-ге дейін) төмендеді.

2021 жылдың II тоқсанында жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсу қарқыны 59,2-ден **61,5**-ке дейін өсті. Өңдеу және тау-кен өнеркәсібінде ДИ тиісінше **65,3**-ке және **61,8**-ге дейін ұлғайды. 2021 жылдың III тоқсанында кәсіпорындар шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының төмендеуін күтеді.

2021 жылдың II тоқсанында сұралған кәсіпорындардың **17,5%**-ы банкке кредит алуға өтініш беріп, кәсіпорындардың **16,7%**-ы (немесе кредит алуға өтініш бергендердің **95,4%**-ы) қарыз алды. Кәсіпорындардың басым көпшілігі (**84,6%**) айналым қаражатын қаржыландыруға (материалдар, шикізат, жартылай дайын өнімдер және т.б. сатып алу) кредит тартты.

2021 жылдың II тоқсанында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша, кәсіпорындардың **34,1%**-ы Қазақстан экономикасының бүгінгі жай-күйі бизнесті жүргізуге кедергі болып отырғанын айтқан (1-тоқсанда мұндай кәсіпорындардың үлесі 33,9% болды). Басқа негізгі кедергілер нарықтық бәсекелестік (**28,9%**), сатып алушылар іздеу (**22,8%**), салық ауыртпалығының деңгейі (**22,4%**), білікті мамандардың жетіспеушілігі (**18,1%**), дебиторлық берешекті қайтару қиындығы (**12,2%**) болып кете береді. Маңыздылығы жағынан қаржыландыруға қолжетімділік **8**-орында (**11,9%**) орналасқан.

Нақты сектор кәсіпорындарына жүргізілген сауалнаманың жиынтық бағасын білдіретін композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) серпіні нақты секторда экономикалық белсенділіктің қалпына келу белгілерін көрсетеді, КОИ **100,1**-ге дейін көтерілді. 2021 жылдың III тоқсанында экономикалық белсенділіктің өсуі жалғасады деп күтілуде (күтулер бойынша КОИ **100,2** болады).